

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен шекарасында кедендік бақылауды жою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ 1995 жылғы 19 қыркүйектегі N 2463

Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасы арасындағы Кеден одағы туралы 1995 жылғы 20 қаңтардағы Келісімге сәйкес және Кеден одағын қалыптастырудың бірінші кезеңін аяқтау туралы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы уағдаластықты жүзеге асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен шекарасында кедендік бақылауды жойсын, осы шекарада үшінші елдердің өткінші жүктеріне бақылау жасауды арнайы жоспар-кесте бойынша қамтамасыз етсін;

Кеден одағының сыртқы шекарасының қазақстандық және ресейлік учаскелерінде бірлескен кедендік бақылауды жүзеге асыруға кіріссін.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті